

БЕКІТЕМІН

«Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі» РМҚК директоры
Г. Жумабекова

« _____ » _____ 2023 жыл

Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі
«Бір белбеу, бір жол» бағдарламасының 10 жылдығына орай
ұйымдастырған «Қытай-Қазақстан жасөспірімдерінің арасындағы достық»
халықаралық байқауының
ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі «Бір белбеу, бір жол» бағдарламасының 10 жылдығына орай ұйымдастырған «Қытай-Қазақстан жасөспірімдерінің арасындағы достық» халықаралық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаты мен міндеттерін, шарттарын анықтайды.

1.2. Байқаудың демеушілері: Қытай Демократиялық лигасының орталық комитеті, «Chine Post Group» корпорациясы, Жібек жолы хатшысы ұйымдастыру комитеті, Қытайдың Алматы қаласындағы Бас консулдығы және Қазақстанның Сиандағы Бас консулдығы

1.3. Байқауды Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі 2 кезең бойынша өткізеді:

1. 02.08.2023 ж. (көрмеге қойылатын жұмыстарды іріктеу)

2. 22-24.08.2023 (көрмеге қойылған жұмыстардың қорытындысы, марапаттау).

1.4. Байқауға қатысушылардың жас ерекшеліктері: 8-13 жас және 14-18 жас.

1.5. Байқау форматы: онлайн/ оффлайн.

1.6. Байқауға қатысу туралы сұраныс (Қосымша 1) және жұмыс ұсынылған үлгіде aidymbaevaakma@mail.ru электрондық мекен-жайына 2023 жылдың 2 тамызына дейін қабылданады.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Байқаудың мақсаты:

- Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қалалар, олардың сауда-экономикалық қарым-қатынасы, тарихы мен мәдениетін дәріптеу, екі ел арасындағы мәдени байланысты дамыту, Қытай және Қазақстан жасөспірімдерінің сурет салу өнері бойынша өзара тәжірибе алмасу.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- екі ел арасындағы жасөспірімдердің шығармашылық байланысын орнату;
- Ұлы Жібек жолының тарихи және бүгінгі күнгі маңызын жасөспірімдер арасында дәріптеу.

III. БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізуді Ұйымдастырушы жүзеге асырады;
- 3.2. Байқаудың ережесі музейдің ресми сайты мен әлеуметтік желілерінде жарияланады;
- 3.3. Байқаудың 1 кезеңінен өткен жұмыстар «Қытай-Қазақстан жасөспірімдерінің арасындағы достық» халықаралық көрмесіне қойылады;
- 3.4. Байқауға Алматы қаласындағы барлық өнер мектептері мен студияларының оқушылары қатыса алады;

3.5. Байқауға ұсынылған шығармашылық жұмыстар төмендегідей жас ерекшеліктері бойынша қаралады:

- 1) 8-13 жас;
- 2) 14-18 жас;

3.6. Байқаудың 1 іріктеу кезеңінде (20 маусым – 2 тамыз 2023 жыл) барлық жұмыстар және қатысушы туралы ақпарат (Қосымша 1) электронды нұсқада aidymbaevaakma@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады;

3.7. Электронды форматтағы шығармашылық жұмыстар JPEG форматта қабылданады.

3.8. Байқаудың 1 іріктеу кезеңінің нәтижесі бойынша арнайы құрылған қазылар алқасының шешімінің қорытындысы бойынша іріктелген жұмыстар 2 іріктеу кезеңіне жіберіледі.

3.9. 2 іріктеу кезеңіне өткен жұмыстарға қойылатын талаптар:

- жұмыстар көрме экспозициясына қою үшін рамаға салынып, беті әйнек немесе плексигласпен қапталып, музейге алып келінеді.

IV. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. Байқауға өлшемі А3 форматтағы жұмыстар қабылданады (ескерту: А3 форматтан үлкен жұмыстар қабылданбайды);

4.2. Ұсынылатын шығармашылық жұмыстардың техникасы: акварель, тушь;

4.3. Бір қатысушы тек 2 жұмыс қана ұсына алады;

4.4. Ұжымдық жұмыстар қабылданбайды;

4.5. Барлық орындалған жұмыстар байқаудың талаптары мен тақырыбына сай болуы кажет;

V. БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

5.1. Байқау жұмыстарын бағалауды алдын-ала құрылған қазылар алқасы жүзеге асырады;

5.2. Қазылар алқасы Байқау жұмыстарын бағалағанда төмендегідей критерийлерді ұстанады:

- жұмыстың Байқау тақырыбына сай болуы;
- көркем шеберлік (жұмысты орындау кезіндегі техника мен сапа);
- ойының бірегейлігі мен ерекшелігі;
- Байқау жұмыстарын рәсімдеуге қойылатын талаптарға сай болуы.

VI. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ

6.1. Қатысушылардың жұмыстары осы Ереженің 5.2. тармақшасында көрсетілген критерийлер бойынша 10 балдық көрсеткіштердің негізінде бағаланады;

6.2. Бірнеше қатысушы бірдей балл жинаған жағдайда қазылар алқасының ашық дауыс беруінің нәтижесінде байқау жеңімпазы анықталады;

6.3. Байқаудың нәтижесі бойынша қазылар алқасының шешімі хаттамамен бекітіліп, байқау жеңімпаздарын марапаттауға негіз болады;

6.4. Жас ерекшеліктеріне қарай 1-2-3 орын алған Байқаудың жеңімпаздарына сыйлықтар мен диплом беріледі. Көрмеге қатысқан жұмыстардың иелеріне қатыскандығы туралы сертификат беріледі.

6.5. Байқауға қатысқан шығармашылық жұмыстар көрме жұмысы аяқталғаннан кейін иелеріне қайтарылады немес қайтарылады.

VII. БАЙҚАУ ӨТЕТІН ОРЫН

Байқау Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейі базасында өтеді.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Көктем -3, 22/1

Барлық сұрақтар бойынша Байқаудың Ұйымдастыру алқасына

хабарласуыңызды сұраймыз:

Телефон: +7(7272) 394-57-15 (ішкі 123), ұялы 87753409967 – Ақмарал Алтайқызы

Қосымша 1

**«Қытай-Қазақстан жасөспірімдерінің арасындағы достық»
халықаралық байқауына қатысу үшін**

1.	Қатысушының тегі, аты-жөні (толығымен)	
2.	Сыныбы, мектебі	
3.	Жетекшісінің аты-жөні (толығымен), лауазымы	
4.	Мекеме атауы (ресми атауымен толық жазу)	
5.	Жұмыстың атауы	
6.	Жұмыстың техникасы	
7.	Телефон (watsapp номері), электронды пошта, мекен-жайы	